

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 719 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 843 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12777 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. Бірлескен бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

1) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына

қатысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлігінде білім беру жүйесін тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бөлігінде білім беру жүйесін тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бөлігінде білім беру жүйесін тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесін тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесін тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес қосымша білім беру бөлігінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты қосымша білім беру жүйесін тексеру парағы.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

8) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. "Білім беру жүйесіне тексеру жүргізу бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 шілдедегі № 479 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының № 583 бірлескен бұйрығының (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11994 болып тіркелді, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 29 қыркүйекте жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С. Нюсупов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т. Балықбаевқа жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ Т. Балықбаев

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы

\_\_\_\_\_ М. Құсайынов

2015 жылғы 31 желтоқсан 2015 жылғы 31 желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жылғы 30 желтоқсан

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының

2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының

2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына

1-қосымша

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттары**

**Ескерту. 1-қосымша жана редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 132-бабының 2-тармағына, 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармақтарына, 2018 жылғы 31 шілдедегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру парақтарының нысанын бекіту туралы" № 3 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 қыркүйекте № 17371 болып тіркелген) және 2022 жылғы 22 маусымдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. № 48 бұйрығымен бекітілген "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына" (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 23 маусымда № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру) және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеуге арналған.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;
- 2) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;
- 3) тәуекел – бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

4) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау және қадағалау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау және қадағалау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау және қадағалау субъектісін (объектісін) бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

5) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

6) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау және қадағалау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау және қадағалау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

8) тексеру парағы – бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

9) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың нақты саласында бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

3. Кодекстің 141-бабының 5-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парақтары реттеуші мемлекеттік органдардың,

кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітіледі және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

## **2-тарау. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектісіне (объектісіне) жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) субъективті өлшемшарттар бойынша өрескел, елеулі, болмашы бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

6. Бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

### **1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

7. Объективті өлшемшарттарды анықтау тәуекелді анықтау арқылы жүзеге асырылады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері):

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 ( 01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

1) қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын бұза отырып жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары жоғары тәуекел дәрежесіне жатады;

2) қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын бұза отырып жүргізілетін балалар музыка мектептерінің, балалар көркемсурет мектептерінің және балалар өнер мектептерінің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары орташа тәуекел дәрежесіне жатады;

3) қызметі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын бұза отырып жүргізілетін қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары төмен тәуекел дәрежесіне жатады.

### **2-параграф. Субъективті өлшемшарттар**

9. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

10. Деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында заңнамасын бұзатын бақылау және қадағалау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін қажет.

11. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау мынадай ақпарат көздері бойынша айқындалады:

1) бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі – ҰББД АЖ);

2) алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бір күнтізбелік жыл ішінде жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны;

4) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).

12. Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдер дәрежесін бағалау мынадай ақпарат көздері бойынша айқындалады:

1) бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде "Ұлттық білім беру дерекқоры" ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі – ҰББД АЖ);

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2) алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) бір күнтізбелік жыл ішінде жеке немесе заңды тұлғалардан, мемлекеттік органдардан келіп түскен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) расталған шағымдар мен арыздардың болуы және саны;

4) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).



13. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде білім беру саласындағы уәкілетті орган талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттарды келесі салада қалыптастырады:

- 1) осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- 2) осы Өлшемшарттарға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру;
- 3) осы Өлшемшарттарға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру;
- 4) осы Өлшемшарттарға 6-қосымшаға сәйкес қосымша білім беру.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

5) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

14. Субъективті критерийлерді талдау және бағалау бақылау субъектісінің (объектісінің) неғұрлым ықтимал тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және бақылау субъектісінің (объектісінің) профилактикалық бақылауын шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Талдау және бағалау кезінде белгілі бір бақылау объектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және қолданылатын субъективті критерийлер туралы деректер немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеу мерзімі аяқталған деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау және қадағалау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

15. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және осы Қағидалардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

16. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді:

- 1) осы Өлшемшарттарға 7-қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін оқу бағдарламаларын;
- 2) осы Өлшемшарттарға 8-қосымшаға сәйкес бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын;

3) осы Өлшемшарттарға 9-қосымшаға сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

4) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### **3-параграф. Бағалау жүйесін қалыптастыру ерекшеліктері және тәуекелдерді басқару**

17. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ҰБДО АЖ және басқа да ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

18. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебі, сондай-ақ бақылау субъектісі тәуекелдің жоғары, орташа немесе төмен дәрежелеріне жататын тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері осы Өлшемшарттардың 16-тармағына сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленеді.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі**

19. Бақылау субъектісін осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру бойынша профилактикалық бақылау жүргізуге байланысты осы Өлшемшарттардың 11 немесе 12-тармақтарына сәйкес көздерден ақпарат жинайды және субъективті өлшемшарттар бойынша деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы Өлшемшарттардың (SC) 16-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$Rарал = SP + SC$  , мұнда

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Өлшемшарттардың 16-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

20. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 13-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда}$$

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда}$$

SP<sub>H</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ мұнда}$$

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>n</sub> – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

21. Осы Өлшемшарттардың 16-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x<sub>i</sub> - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w<sub>i</sub> - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x<sub>i</sub>

n – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 16-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

22. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

$R_{max}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

$R_{min}$  – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Рарал – осы Өлшемшарттардың 19-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

#### **4-тарау. Тексеру парақтары**

23. Тексеру парақтары бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

24-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

24. Тексеру парақтары осы бірлескен бұйрыққа 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

25. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына ең көбі бір рет айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі екі жылда бір рет айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау және қадағалау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі үш жылда бір рет айқындалады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарына  
1-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарын бұзу дәрежесі**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұзу дәрежесіне өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.05.2024 № 121 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.05.2024 № 26 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылықтардың дәрежесі
1.	Спорттық және музыкалық іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайлардың болмауы.	елеулі
2.	Білім беру ұйымында жұмысқа тиісті бейініне сәйкес арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ тұлғалардың жұмысқа жіберілу фактісінің болуы.	өрескел
3.	Тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетудің болмауы	елеулі
4.	Педагогтің лауазымдық міндеттерін және педагогикалық этика нормаларын сақтауы.	елеулі
5.	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы.	өрескел
6.	Басшы кадрлардың, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруын растайтын сертификаттарының болуы.	өрескел
7.	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырудан (растаудан) өтулерін сақтаулары.	өрескел
8.	Ұлттық білім беру дерекқорының статистикалық деректерінің білім беру ұйымының нақты деректеріне сәйкестігі.	өрескел
	Білім беру салалары және сағат сандары бар оқу жоспарларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Сондай-ақ, инклюзивті білім беру	

9.	жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның болуы.	өрескел
10.	Білім беру ұйымы бекіткен педагог-мамандардың, тәрбиешілердің перспективалық жоспарының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа, үлгілік оқу жоспарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына, тәрбие-білім беру процесінде іс-шараларды ( қабылдау, таңертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, қатайту рәсімдері, балалардың үйге қайтуы) қамтитын мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне, циклограммасына сәйкестігі және ұйымдастырылған қызмет түрлерінің (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық , эксперименттік, еңбек, пәндік, қозғалыс, бейнелеу) іске асырылуы.	өрескел
11.	Балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін о т б а с ы н әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша өткізілген кеңестерді растайтын материалдардың болуы.	болмашы
12.	Баланың жас ерекшелігіне сәйкес балалардың ептіліктері мен дағдыларының дамуын қадағалайтын материалдардың болуы (баланың оқу жылына арналған жеке даму картасы).	елеулі
13.	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттарының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы	өрескел

	<p>талонның, оның ішінде жеке тұлғаның заңды мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру мекенжайы өзгерген жағдайларда, хабарламада көрсетілген, сондай-ақ олар туралы ақпарат хабарламада толтыру үшін міндетті болып табылатын тіркеу деректері.</p>	
14.	<p>Бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көрсету көлемінде, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру мен медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, күту және сауықтыру үшін растайтын материалдарының (ғимараттың қуаты жобасын растайтын құжаттардың болуы, мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы әкімдіктің қаулысы, тәрбиеленушілердің тізімдік құрамы) болуы.</p>	елеулі
15.	<p>Білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарларының және олардың қызметін растайтын алқалы органдар (педагогикалық, әдістемелік кеңестер мен педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) отырыстарының хаттамаларының болуы.</p>	болмашы
16.	<p>Тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе тиісті бейіні бойынша білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагог кадрлармен қамтамасыз етілгенін растайтын қосымшалары бар дипломдар көшірмелерінің және білім беру ұйымы бекіткен педагог қызметкерлердің тарификациялық тізімдерінің болуы.</p>	өрескел
	<p>Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:</p>	



17.	<p>1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;</p> <p>2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;</p> <p>3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;</p> <p>4) тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе кәсіптік білімі туралы немесе тиісті бейіні бойынша білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен құжаттары жоқ;</p> <p>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.</p>	өрескел
18.	<p>Мектепке дейінгі ұйымның басшысы немесе өзге де лауазымды тұлғаның оқу-тәрбие процесі барысында білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің, білім алушылар мен қызметкерлерінің өмірлері мен денсаулықтарын қорғау бойынша лауазымдық міндеттерін орындауы.</p>	өрескел
	<p>Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау:</p> <p>1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;</p> <p>2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;</p>	

19.	<p>3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), тәрбиеленушілердің сабақ режимі);</p> <p>4) тәрбиеленушілерді оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;</p> <p>5) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі;</p> <p>6) білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.</p>	өрескел
20.	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогтерінің саны мен лауазымдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штатына және педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі (мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін).</p>	елеулі
21.	<p>Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынасты және олардың талаптарын сақтауды реттейтін шарттардың болуы.</p>	болмашы
22.	<p>Білім беру ұйымымен бекітілген ішкі тәртіп қағидасының, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарының болуы.</p>	болмашы
23.	<p>Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орны тәрбиеленуші денсаулық сақтау ұйымдарында және өзге де ұйымдарда тәрбиеленушіні ауруға шалдықтыру, емдеу, сауықтыру, түзету және оңалту кезеңіне (айғақ, қорытынды бойынша анықтама беру кезінде), ата-анасының бірінің немесе тәрбиеленушінің заңды өкілінің жылына екі айға дейінгі мерзімге тәрбиеленушіні демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтінішін беру кезінде мектепке дейінгі ұйымда баланың орнын сақтау жөніндегі талаптарды сақтау енгізілген төтенше жағдай (</p>	өрескел

	<p>әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңіне, мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарт талаптары бұзылған, тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз бір айдан астам уақыт өткізген және әкімшіліктің ескертуінсіз, дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде</p>	
24.	<p>Жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау:</p> <p>1) педагогті кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға (өтініштер болған жағдайда тексеріледі);</p> <p>2) педагогтің есеп беруін не одан педагогтік лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге (өтініштер болған жағдайда тексеріледі);</p> <p>3) педагогке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол бермеу</p> <p>4) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.</p>	өрескел
25.	<p>Білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін бейнебақылау жүйесінің болуы.</p>	өрескел
26.	<p>Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын сақтау.</p>	елеулі
27.	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын қамтамасыз ету.</p>	өрескел
28.	<p>Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымдарға тағайындау,</p>	елеулі

	лауазымдардан босату конкурсын өткізу тәртібін сақтау.	
29.	Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу тәртібінің сақталуы.	өрескел
30.	Мамандардың болмау себепті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында қарастырылған білім беру бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің орындалмауы.	өрескел
31.	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында педагогтердің штаттық кестесін және тарификациясын орналастыру.	болмашы
32.	Білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсында орналастырмау.	өрескел
33.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың ұсынылмауы немесе қате ұсынылуы.	өрескел
34.	Құқықтары бұзылған жеке және (немесе) заңды тұлғалардан 1 (бір) және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы.	елеулі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарына  
2-қосымша

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бақылау субъектілері (объектілері) талаптарының бұзылу дәрежесі**

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылықтардың дәрежесі
1.	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттарының болуы.	өрескел
2.	Педагогтің лауазымдық міндеттерін және педагогикалық этика нормаларын сақтауы.	елеулі

3.	Білім беру ұйымдарының басшы кадрлары мен педагогтерінің білім туралы құжатта көрсетілген мамандыққа сәйкес атқаратын лауазымы және/немесе оқытылатын пәні бойынша кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыруды растайтын сертификаттардың болуы.	өрескел
4.	Педагогтердің оқытылатын пәннің бейініне сәйкес білім туралы құжатта көрсетілген мамандығы бойынша біліктілік санатының деңгейін арттыру (растау) бес жылда бір реттен, сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының үш жылда бір реттен сиретпей арттырудан (растаудан) өтуін беру (растау) туралы куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді тіркеу және беру журналдарының болуы.	өрескел
5.	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы.	өрескел
6.	Білім алушылар контингенті бойынша білім беру ұйымдары бұйрықтарының, сыныптар бөлінісінде білім беру ұйымдары білім алушыларының сандық құрамын растайтын білім алушыларды жазатын алфавиттік кітаптың болуы.	болмашы
7.	Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінің орындалуын растайтын жұмыс оқу жоспарларының, сынып журналдарының (электрондық/қағаз), сабақ кестесінің болуы, сондай-ақ білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспарларындағы, сабақ кестелеріндегі, факультативтік, үйірмелік, топтық және жеке сабақтардың ең жоғары көлеміне сәйкес келуі.	өрескел
	Сынып журналдарында (электрондық/қағаз) ағымдағы	

8.	<p>бағалардың немесе ағымдағы бағалаудың балмен, 2-11 сынып білім алушыларында тоқсандық және жылдық бағалардың болуы, сондай-ақ белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы) аяқталғаннан кейін өткізілетін жиынтық бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жиынтық бағалауды және талдауды, оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды зерделеуді растайтын материалдардың болуы .</p>	болмашы
9.	<p>Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушыларды үйде немесе емдеу ұйымдарында жеке тегін оқытуды ұйымдастыру туралы, сондай-ақ рұқсаттар негізінде экстернат және қашықтықтан оқыту нысанында оқытуға бұйрықтардың болуы.</p>	болмашы
10.	<p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың, ұзақ уақыт бойы үйде немесе арнайы сауықтыру ұйымдарында денсаулық жағдайына байланысты білім беру мекемесіне тегін бара алмайтын білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлардың жасалуын р а с т а й т ы н дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамалары мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындылары бар білім алушыларға арналған білім беру салаларының, оқу пәндері үлгілік жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес сағат санының жеке оқу жоспарларының, сондай-ақ, экстернат нысанында оқитын білім алушыларға арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес жеке оқу бағдарламасының және</p>	өрескел

	консультация беру кестесінің болуы және сәйкестігі.	
11.	Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды сақтау.	елеулі
12.	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін сақтау.	болмашы
13.	Мамандандырылған білім беру ұйымдарына және гимназиялар мен лицейлердің бірінші сыныптарына конкурстық негізде қабылдау тәртібін сақтау.	болмашы
14.	Үлгілік нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін білім беру ұйымының басшысы мен білім алушының ата-аналары немесе заңды өкілдері арасында жасалған білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың болуы.	өрескел
15.	Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау: 1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі; 2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі; 3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабақ режимі); 4) білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі; 5) білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі; 6) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі; 7) білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.	өрескел
	Білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды	

16.	<p>тұлғаның білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша міндеттерін орындауы.</p>	өрескел
17.	<p>Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың ( педагогикалық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп бойынша кеңестің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы және сәйкестігі.</p>	болмашы
18.	<p>Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;</li> <li>2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;</li> <li>3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;</li> <li>4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;</li> <li>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.</li> </ol>	өрескел
	<p>Қорытынды аттестаттаудан өткен азаматтарға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың берілуінің объективтілігін растайтын педагогикалық кеңес</p>	



19.	хаттамаларының, негізгі орта білім туралы және жалпы орта білім туралы аттестаттарды беру және есепке алу кітабындағы жазбалардың болуы.	елеулі
20.	Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу тәртібін сақтау.	елеулі
21.	Негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібінің сәйкестігі.	елеулі
22.	Оқудан тыс іс-шаралар ұйымдастырудың және қазақ, орыс және шет тілдерінде әртүрлі сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыруды растайтын материалдардың болуы.	болмашы
23.	1) педагогті кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; 2) педагогтің есеп беруін не одан педагогтік лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге; 3) педагогке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол бермеу 4) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.	өрескел
24.	Ұйым басшысы бұйрығының және тәлімгерлікті ұйымдастыру жөніндегі қызметті растайтын құжаттардың болуы.	болмашы
25.	Білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларының болуы және педагогтер мен білім алушылардың жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимін сақтау.	елеулі

26.	Педагогтердің материалдық қамтамасыз ету, педагогтерді көтермелеу және әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету құқықтарын сақтау.	елеулі
27.	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымдарға тағайындау, лауазымдардан босату конкурсын өткізу тәртібінің сәйкестігі.	елеулі
28.	Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшісі туралы ереженің талаптарын сақтау.	болмашы
29.	Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын және оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде орындалуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие жұмысы, мектепті дамыту, мектепшілік бақылау жоспарларының болуы және сәйкестігі.	елеулі
30.	4, 9-сынып оқушылары арасында профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша кешенді тестілеуден қанағаттанарлықсыз өткен жағдайда оқу нәтижелерін бағалау .	өрескел
31.	Білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы негізінде шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында білім алушылар үшін қашықтықтан білім беру технологияларын ( бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру тәртібін сақтау.	өрескел
32.	Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ немесе Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өтпеген адамдарды білім беру ұйымдарында жұмысқа жіберу фактісінің болуы.	өрескел
33.	Мамандардың болмауына байланысты білім беру ұйымының	өрескел

	оқу жұмыс жоспарында оқытылмайтын пәндердің болуы.	
34.	Білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы негізінде шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында білім алушылар үшін ҚБТ пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру тәртібін сақтау.	өрескел
35.	Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында білім беру саласындағы заңнаманы бұзу туралы расталған мәліметтердің болуы.	елеулі
36.	Білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсында орналастырмау.	өрескел
37.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың ұсынылмауы.	өрескел
38.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате ұсынылуы.	елеулі
39.	Құқықтары бұзылған жеке және (немесе) заңды тұлғалардан 1 (бір) және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	елеулі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарына 3-қосымша

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біліктілік талаптарын бұзу дәрежесі**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Бұзу дәрежесіне өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.05.2024 № 121 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.05.2024 № 26 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылықтардың дәрежесі
1.	Спорт залының болмауы.	елеулі
2.	Кітапхананың болмауы.	елеулі
3.	Нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкестігі, сондай-ақ білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базалары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.	өрескел
4.	Жұмыс оқу жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.	өрескел
5.	Жұмыс оқу жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар немесе педагогикалық қайта даярлаудан өткен кәсіптік білімі бар педагогтердің болуы. Жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі, олар үшін лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтерінің жалпы санынан: 1) бастауыш білім беру деңгейінде шағын жинақты мектептер үшін 20%-дан кем емес; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін 25% - дан кем емес; гимназиялар үшін 30% - дан кем емес %; 2) негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейінде шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде	өрескел

	жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 % , оның ішінде аудандық және/ немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).	
6.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.	елеулі
7.	Білім беру саласындағы уәкілетті органдар айқындаған оқулықтардың нормалары мен тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы.	болмашы
8.	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға ғимараттарда (оқу корпустарында) арналған тамақтандыру объектісінің болуы.	елеулі
	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында	

9.	<p>тиесілі материалдық активтердің болуы немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық ережелерге және төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган бекіткен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу</p>	елеулі
10.	<p>Оқу пәндік кабинеттерімен, зертханалармен (шағын жинақты мектептер үшін физика, химия, биология пәндері бойынша оқу-зертханалық жабдықтармен), спорт залдарымен жарақтандырылуы; edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы; жабдықтар мен жиһаздардың болуы; жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы ; ауыз су бұрқақтарының болуы және ғимаратта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган бекіткен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін санитариялық тораптардың (унитаздардың, қол жуатын раковиналардың) болуы; мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.</p>	елеулі
11.	<p>Білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған нормаларға сәйкес ғимараттарда (оқу корпустарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).</p>	елеулі
12.	<p>Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында білім беру саласындағы</p>	елеулі

	заңнаманы бұзу туралы расталған мәліметтердің болуы.	
13.	Білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсында орналастырмау.	өрескел
14.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың ұсынылмауы.	өрескел
15.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате ұсынылуы.	елеулі
16.	Үш ауысымды оқытуға жол берілу	өрескел

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарына  
4-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарын бұзу дәрежесі**

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылықтардың дәрежесі
1.	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілеуші құжаттарының бар болуы	елеулі
2.	Педагогтің лауазымдық міндеттерін және педагогикалық этика нормаларын сақтауы.	елеулі
3.	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда кемінде бір рет арттырудан (растаудан) өткенін растайтын біліктілік санатын беру/ растау туралы куәліктердің, бұйрықтардың, тіркеу және куәліктер беру журналдарының болуы.	өрескел
4.	Білім беру ұйым басшыларының, тиісті бейіні бойынша педагог кадрларының үш жылда бір реттен кем емес, кемінде 36 сағат	өрескел

	біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.	
5.	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы.	өрескел
6.	Білім беру процесінде саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты қоздыру үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе тілдік қатыстылығы, олардың дінге қатынасы белгісі бойынша, оның ішінде білім алушыларға тарихи, ұлттық және діни наным-сенімдер туралы дәйексіз мәліметтерді хабарлау арқылы азаматтардың айрықшалығын, артықшылығын не толық еместігін насихаттайтын үгіт, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеу.	өрескел
7.	Білім алу кезеңінде әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын күтіп - бағуға арналған шығыстарды өтеуге арналған кепілдіктің сақталуы.	елеулі
	Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне: 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; 2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ; 3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан	



8.	<p>тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;</p> <p>4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;</p> <p>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.</p>	өрескел
9.	<p>Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау:</p> <p>1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;</p> <p>2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;</p> <p>3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабақ режимі);</p> <p>4) білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі;</p> <p>5) білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;</p> <p>6) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі;</p> <p>7) білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.</p>	өрескел
	<p>МЖМБС талаптары, кәсіптік стандарттар (бар болса), Worldskills кәсіптік стандарттары (бар болса) негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру</p>	

10.	<p>ұйымдары (бұдан әрі – ТжКОББ) әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы; Міндетті жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемінің, сондай-ақ қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін) бағыттар бойынша мамандық бейінін ескеріп отырып, оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлерінің пәндерінің сәйкестігі; Білім беру бағдарламаларында Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндердің немесе базалық модульдердің, сондай-ақ кәсіптік модульдердің немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндердің (әскери мамандықтарды қоспағанда) болуы.</p>	өрескел
11.	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін өндірістік оқытуды есепке алу журналдары деректерінің жұмыс оқу жоспарларына және жұмыс оқу бағдарламаларына, кәсіптік практикадан өтудің бекітілген және келісілген күнтізбелік кестелеріне және практикалар базасы ретінде білім беру ұйымдары айқындаған ұйымдармен оқу бағдарламаларына сәйкестігі.</p>	болмашы
12.	<p>Кешкі және сырттай оқу нысандарының жұмыс оқу жоспарларының күндізгі оқу нысанында көзделген оқу уақытының тиісті көлемінің 70% және 30% қатынасында міндетті оқу үшін оқу уақытының көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі.</p>	өрескел
13.	<p>Оқу және тәрбие процесі кезінде білім беру ұйымының білім алушылары мен қызметкерлері денсаулықтарының сақталуы бойынша ұйым басшысы немесе өзге лауазымдық тұлғаның міндеттерін орындауы.</p>	өрескел

14.	Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың ( педагогикалық, әдістемелік кеңестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы.	болмашы
15.	Теориялық және өндірістік оқуды есепке алу журналдарының және оқу бағдарламаларын оқу сағаттарында орындау бойынша есепке алу табельдерінің болуы	болмашы
16.	Сабақ кестесінде аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағат ұзақтығының 45 минутқа сәйкестігінің болуы, жұптасқан сабақтарға жол беріледі	болмашы
17.	Оқу жылы ішінде білім алушылар үшін кемінде екі демалыстың болуы	болмашы
18.	Білім беру ұйымдарына өнер және мәдениет мамандықтары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін білім беру ұйымы бекіткен бағдарламалар бойынша арнайы немесе шығармашылық емтихандар өткізуді растайтын хаттамалар мен бұйрықтардың болуы.	болмашы
19.	Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасындағы Конкурс күнтізбелік жылдың 19-22 тамызы аралығында, жалпы орта білім беру, ТЖКОББ базасында күнтізбелік жылдың 22-25 тамызы аралығында, ақылы негізде 26-28 тамызы аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 29 шілде мен 2 тамызы аралығында өткізу мерзімінің сақталуы. Педагогикалық, медициналық мамандықтарға түсуші адамдар үшін арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандарды, сондай-ақ психометриялық тестілеуді өткізу мерзімдері негізгі орта білім базасында түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін, жалпы орта білім базасында	болмашы

	<p>түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21 тамызына дейін, шығармашылық даярлықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21 мен 28 шілдесі аралығында өткізу мерзімінің сақталуы.</p>	
20.	<p>Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндер тізбесінің Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 5-қосымшаға сәйкестігі.</p> <p>Орташа конкурстық балл олардың жалпы санына Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 4,5-қосымшаларда көрсетілген пәндер үшін бағалар сомасының орташа мәніне сәйкестігі.</p>	болмашы
21.	<p>Апелляцияға өтініштерді қабылдау және қарау тәртібінің сақталуын растайтын апелляциялық комиссия отырысының хаттамаларының болуы.</p>	болмашы
	<p>Қабылдау мерзімдерін сақтау орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау ТжКОББ ұйымы басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүргізіледі:</p> <p>1) күндізгі оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;</p> <p>2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін;</p>	

22.	<p>3) білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарына күнтізбелік жылдың 10 тамызына дейін.</p> <p>4) кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін жүргізіледі; білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау :</p> <p>1) оқудың күндізгі нысанына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін әңгімелесу нәтижелері бойынша;</p> <p>2) оқудың кешкі нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.</p>	өрескел
23.	<p>Оқу шығындарын толық өтейтін, ақылы негізде білім алушының мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін бос орындарға ауыстыру тәртіптерінің сақталуы:</p> <p>1) білім алушының (немесе өзге де заңды өкілдерінің) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы " электрондық үкімет" веб-порталына өтінімі немесе өтініші;</p> <p>2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы білім алушының өтінішін алқалы органда қарау;</p> <p>3) алқалы органның шешімі негізінде білім алушыны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы бұйрық</p>	болмашы
	Білім алушыны ауыстыру жүзеге асырылады:	

24.

Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына білім алушыны ауыстыру кезінде құжаттардың болуы:

1) білім алушының (заңды өкілінің ) ауыстыру туралы өтініші;

2) білім алушының ауысып кететін білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған сынақ кітапшасының (немесе үлгерім кітапшасының) көшірмесі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымнан орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымға ауыстыру кезінде құжаттардың болуы:

1) білім алушының (заңды өкілінің ) ауыстыру туралы өтініші;

2) басқа білім беру ұйымына келгені туралы талон.

Білім беру ұйымы басшысының бұйрықтарының болуы (білім алушыларды ауыстыру туралы мәселені шешкен кезде):

1) оның оқу сабақтарына жіберілуі туралы,

2) оқу жоспарындағы айырмашылықты тапсыру;

3) білім беру ұйымдарының білім алушылар қатарына қабылдау туралы.

болмашы

Қайта қабылдану шарттарын сақтау:

Білім беру ұйымдарында бұрын білім алған тұлғалар бұрынғы білім беру ұйымына қайта қабылданудың міндетті шарты: білім алушының өтінішінің болуы; білім алушының бір семестрді аяқтауы (білім алушыларды бірінші курсқа қайта қабылдау бірінші семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.).

Бұрын басқа білім беру ұйымдарында оқыған білім алушыларды оқуға қайта қабылдау шарты:

курстар мен мамандықтар бойынша тиісті оқу топтары болған жағдайда оқу жұмыс

25.

жоспарларының пәндері/  
модульдері бойынша оқу  
нәтижелерінің академиялық  
айырмашылықтарын тапсырған  
кезде (курстар мен мамандықтар  
бойынша тиісті топ болмаған  
жағдайда оқу жұмыс  
жоспарларының пәндері/  
модульдері бойынша оқу  
нәтижелерінің академиялық  
академиялық айырмашылықтарын  
тапсырған кезде басқа  
мамандықтарға қайта қабылдануға  
жол беріледі);

білім беру ұйымы басшысының  
пәндердегі/модульдердегі/  
кредиттердегі және (немесе) оқу  
жоспарларын оқыту  
нәтижелеріндегі айырмашылықты  
жою тәртібі мен мерзімдерін  
бекіту туралы бұйрығының болуы; болмашы  
білім алушының жеке ісінің болуы  
;

мамандық, курс және топты  
көрсете отырып, білім алушыны  
білім беру ұйымына қайта  
қабылдау туралы бұйрықтың  
болуы.

Білім алушыларды ақылы негізде  
қайта қабылдау кезінде (білім  
беру ұйымдарында оқу ақысын  
төлемегені үшін семестр ішінде  
оқудан шығарылған) болу керек  
құжаттар:

білім алушының өтініші;

білім алушыны білім беру  
ұйымына қайта қабылдау туралы  
бұйрық.

Шетелдік білім беру ұйымынан  
Қазақстан Республикасының білім  
беру ұйымына ауыстыру немесе  
қайта қабылдау кезінде болу керек  
құжаттар:

меңгерілген оқу бағдарламалары  
туралы құжат (академиялық  
анықтама немесе транскрипт);

Қазақстан Республикасының  
заңнамасында белгіленген  
тәртіппен Қазақстан  
Республикасында білім туралы  
құжаттарды тану рәсімінен өтетін  
алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны  
туралы құжат;

	<p>шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтарының нәтижелері;</p> <p>білім алушыны білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрықтың болуы.</p>	
26.	<p>Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне ауыстыру кезінде, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру кезінде пәндер/модульдер/кредиттер саны және (немесе) оқыту нәтижелері бойынша академиялық айырмашылықты айқындау шарттарын сақтау.</p>	өрескел
27.	<p>Білім алушыларға академиялық демалыс беру шарттарының сақталуы:</p> <p>1) ауруы бойынша ұзақтығы 6-дан 12 айға дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйымның Орталық дәрігерлік консультациялық комиссиясының қорытындылары;</p> <p>2) ұзақтығы 36 айдан аспайтын мерзімде туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымның Орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясының шешімі;</p> <p>3) әскери қызметке шақырылған жағдайда әскери қызметке шақырту қағазы;</p> <p>4) үш жасқа толғанға дейінгі туған , асырап алынған ұл немесе қыз баланың туу туралы құжаттары ( куәлік) негізінде беріледі.</p>	болмашы
	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидалары талаптарын сақтау:</p> <p>аралық аттестаттаудың емтихан ведомостарының болуы;</p> <p>әрбір пән/модуль бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес</p>	



28.

барлық практикалық, зертханалық , есептеу-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды) , сынақтарды толық орындаған; ағымдағы білім есебінің қорытындылары бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары жоқ ; білім беру ұйымы басшысының рұқсатымен рұқсаты бар білім алушылар мынадай талаптарды сақтай отырып, білім алушыларды аралық аттестаттауға жіберу туралы бұйрықтардың болуы 1-2 пән\модуль бойынша қанағаттанарлықсыз бағалар; педагогикалық кеңестің шешімімен екіден артық қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушылар рұқсат алады; жеке тапсыру мерзімдерін айқындай отырып, сырқаты бойынша немесе басқа да дәлелді себептер бойынша аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларды аралық аттестаттауға жіберу туралы білім беру ұйымы басшысының бұйрығының болуы; педагогикалық кеңес шешімінің және білім беру ұйымы басшысының аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үш қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушыларды оқудан шығару туралы бұйрығының болуы. білім алушыға белгіленген үлгідегі анықтама беруді тіркеу журналының болуы; білім беру ұйымы басшысының белгілі бір курстың оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын сәтті тапсырған білім алушыларды келесі курсқа ауыстыру туралы бұйрығының болуы.

өрескел

Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау үлгілік ережелерінің талаптарын сақтау: білім алушылардың қорытынды аттестаттау комиссиялары отырыстарының хаттамаларының, білім алушылардың қорытынды

аттестаттау емтихандарын тапсыруы бойынша (жеке) қорытынды бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамаларының болуы; біліктілік беру жөніндегі білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы (жиынтық); білім алушылардың бітіру жұмысын (дипломдық жобасын (жұмысын)) қарау бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы; дипломдық жобаны қорғау немесе қорытынды емтиханды тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаларды қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жіберу туралы, қанағаттанарлықсыз баға алынған пән және (немесе) модуль бойынша қайта қорытынды емтиханның мерзімдерін айқындай отырып, аттестаттау комиссиясының шешімінің болуы.

дипломдық жобаны қайта қорғау немесе қорытынды емтихандарды тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" баға алған білім алушыға мамандық (кәсіп) бойынша толық оқу курсы аяқтағаны туралы белгіленген үлгідегі анықтаманың болуы дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға келмеген білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберу немесе қорытынды аттестаттаудан өту мерзімдерін айқындай отырып, тиісті құжаттармен расталған дәлелді себептермен қорытынды емтихан тапсыру туралы білім беру ұйымы басшысының бұйрығының болуы;

толық оқу курсы аяқтағаннан кейін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін диплом беру кітаптарының болуы, сондай – ақ оқу жоспарының барлық пәндерінің кемінде 75% - ы бойынша "өте жақсы" бағамен емтихан тапсырған білім

	алушыларға, ал қалған пәндер бойынша – "жақсы" бағасымен үздік диплом берудің объективтілігін растайтын құжаттардың болуы және дипломдық жобаны(жұмысты) " өте жақсы" бағаға қорғауы.	
30.	<p>1) педагогті кәсіби міндеттеріне байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға (өтініштер болған жағдайда тексеріледі);</p> <p>2) педагогтің есеп беруін не одан педагогтік лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге (өтініштер болған жағдайда тексеріледі);</p> <p>3) педагогке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу міндеттемесін жүктеуге жол бермеу</p> <p>4) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.</p>	өрескел
31.	Маман болмау себепті білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспарындағы оқытылмайтын пәндердің болуы.	өрескел
32.	Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында білім беру саласындағы заңнаманы бұзу туралы расталған мәліметтердің болуы.	елеулі
33.	Білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау материалдарын білім беру ұйымының ресми интернет-ресурсында орналастырмау.	өрескел
	<p>Білім беру ұйымына оқуға қабылдау үшін тұлғалардың " электрондық үкімет" веб-порталына өтініштерінің болуы:</p> <p>1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ рухани (діни) білім беру</p>	

34.	<p>ұйымдарына, қылмыстық – атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;</p> <p>2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына: мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 18 тамызы аралығында, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамызы аралығында, ақылы негізде 25 маусымы мен 25 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі аралығында, педагогикалық мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 15 тамызы аралығында.</p>	болмашы
35.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың ұсынылмауы.	өрескел
36.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате ұсынылуы.	елеулі
37.	Құқықтары бұзылған жеке және (немесе) заңды тұлғалардан 1 (бір) және одан да көп расталған шағымдар мен өтініштердің болуы	елеулі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біліктілік талаптарын бұзу дәрежелері**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Бұзу дәрежелеріне өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.05.2024 № 121 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.05.2024 № 26 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылықтардың дәрежесі
1.	Білім беру ұйымында жұмысқа тиісті бейіні немесе атқаратын лауазымына сәйкес арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ тұлғалардың немесе білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өтпеген тұлғалардың жұмысқа жіберілу фактісінің болуы.	өрескел
2.	Оқу үрдісінде пайдаланылатын және интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптардың болмауы.	елеулі
3.	Спорт залының болмауы.	елеулі
4.	Интерактивті құралдардың болмауы.	елеулі
5.	Кітапхананың болмауы.	елеулі
6.	Дайындалатын мамандық бойынша жалпы білім беру және арнаулы пәндер кабинеттерінің болмауы.	елеулі
7.	Дайындалатын мамандық бойынша қажетті зертханалардың, шеберханалардың, оқу полигондарының, оқу шаруашылықтарының болмауы.	елеулі
	Даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына; Медициналық және	

8.

фармацевтикалық мамандықтар үшін мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына, кәсіптік стандартқа (бар болса) (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі.

Білім беру саласында мамандар даярлау үшін:

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын ескере отырып, мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына, салалық біліктілік шеңберіне, "Педагог" кәсіптік стандартына (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі.

Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін Діни қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісілген жалпы білім беретін және діни пәндерді қамтитын білім беру бағдарламаларының болуы.

өрескел

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу жұмыс жоспарының пәндеріне және (немесе) модульдеріне сәйкес педагогтердің болуы, оның ішінде педагогтер білімінің оқытылатын пәндер бейініне және (немесе) модульдеріне сәйкес болуы немесе білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагогтердің болуы, сондай-ақ бейіні бойынша соңғы үш жылда кемінде 36 сағат көлемінде ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өткен өндірістік оқыту шеберлерінің болуы.

Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі даярланатын мамандық біліктілігі бойынша жұмыс біліктіліктерін қоспағанда

9.

педагогтердің жалпы санынан кемінде 70%, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін, мамандық бойынша педагогтердің жалпы санынан қолданбалы бакалавриат, магистратура деңгейі бар мейіргерлерден педагогтердің үлесі – кемінде 10 %.

өрескел

Жұмысшы біліктіліктерді дайындау үшін негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндері бойынша педагогтердің жалпы санынан дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50%

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтер санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің және (немесе ) магистр, философия докторы ( PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы ( PhD) ғылыми дәрежесі бар адамдардың мамандық біліктіліктері бойынша

10.	<p>дайындалатын педагогтер санынан үлесі лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын – кемінде 30%, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында - кемінде 40%.</p> <p>Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша педагогтер санынан соңғы үш жылда көлемі кемінде 36 сағат болатын ұйымдарда және/ немесе өндірісте тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі – кемінде 10 %.</p> <p>Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жоғары білімі бар, жалпы білім беретін пәндер бойынша, бейіндік пәндер бойынша – бейіні бойынша жоғары білімі бар және/немесе дін саласындағы жалпы жұмыс өтілі кемінде бес жыл, дін саласындағы семинарияны немесе медресені бітірген педагогтердің даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтер санынан кемінде 50 %.</p> <p>Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтердің жалпы санынан магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі – кемінде 10 %.</p>	өрескел
11.	<p>Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне білім алушылар контингентіне қатысты, оның ішінде оқыту тілі бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.</p>	елеулі



	<p>Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламаларына сәйкес дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиеті қорының болуы.</p>	
12.	<p>Даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен, сондай-ақ бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келетін Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, компьютерлермен жабдыкталуы.</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары симуляциялық кабинеттермен (орталықтармен) жарактандыру.</p> <p>Қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары үшін әскери бөлімдер мен басқа да әскери оқу орындарының оқу-материалдық базасын пайдалану туралы ведомстволық бұйрықтың, әскери кафедралардың оқу – материалдық базасын бірлесіп пайдалану жөніндегі өзара іс-қимыл туралы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен меморандумдардың болуы.</p>	елеулі
13.	<p>Толық оқу кезеңін қамтитын даярланатын мамандық біліктілігі бойынша сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен шарттардың болуы.</p>	болмашы
14.	<p>Медициналық қызметке арналған лицензия негізінде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.</p>	елеулі
15.	<p>Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.</p>	елеулі
	<p>Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік</p>	

16.	<p>басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, шеберханалардың, зертханалардың, өткізу пункттерінің, санитариялық тораптардың болуы, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы), оның ішінде санитариялық нормаларға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін алаңы бар оқу үй-жайларының болуы.</p>	елеулі
17.	<p>Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес контингент туралы өзекті деректер базасы бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкестігі.edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы.</p>	өрескел
18.	<p>Студенттердің тұруы үшін жағдай жасау, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару немесе жалға алу құқығында оқудың толық кезеңінде тұруды қамтамасыз ететін жатақханалардың және/немесе хостелдердің, және/немесе қонақ үйлердің болуы - мұқтаждар санынан кемінде 30 %.</p>	елеулі
	<p>Мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын, бітіру жылы ішінде білім беру саласындағы мамандығы бойынша бітірушілердің кемінде 90%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген білім беру саласында мамандар даярлау үшін кемінде 5 мамандық</p>	

19.	<p>бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.</p> <p>Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының және біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау үшін, бітіру жылы ішінде денсаулық сақтау саласындағы мамандық бойынша бітірушілердің кемінде 90%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, кемінде денсаулық сақтау саласындағы 4 мамандық бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.</p>	өрескел
20.	<p>Мамандық бойынша білім беру ұйымының түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың үлесі – 75 %-дан кем емес болуы.</p>	елеулі
21.	<p>Жаңадан ашылатын білім беру ұйымдарын қоспағанда, колледждердің дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша білім алушыларды қабылдауды үш жылда кемінде бір рет жүзеге асыруы.</p>	болмашы
22.	<p>Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында білім беру саласындағы заңнаманы бұзу туралы расталған мәліметтердің болуы.</p>	елеулі
23.	<p>Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың ұсынылмауы.</p>	өрескел
24.	<p>Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате ұсынылуы</p>	елеулі

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және

**Қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) талаптарын бұзу дәрежесі**

№ п/п	Өлшемшарттар	Бұзушылықтардың дәрежесі
1.	Автоматтандырылған ақпарат алмасуды қамтамасыз етпеу және білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен деректерді өзектендірудің болмауы.	өрескел
2.	Қосымша білім беру ұйымының құрылтай және құқық белгілейтін құжаттарының болуы.	өрескел
3.	Қосымша білім беру ұйымы қызметінің білім беру ұйымдарының түріне сәйкестігі.	елеулі
4.	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдарды (бірлестіктерді) ұйымдастыру құрылымдарын құру мен олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы.	өрескел
5.	Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау: 1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі; 2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі; 3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі; 4) балаларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі; 5) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі; 6) білім беру ұйымының балал және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.	өрескел
	Білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық кеңес, әдістемелік	

6.	кеңес және педагогикалық этика бойынша кеңестің қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының болуы.	болмашы
7.	Педагогикалық немесе тиісті бейініне сәйкес келетін өзге де кәсіптік білімі бар педагогтермен қамтамасыз етілгендігін растайтын дипломдар мен қосымшаларының көшірмелері және педагогтердің білім беру ұйымдары бекіткен тарифтік тізімдерінің болуы.	өрескел
8.	<p>Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:</p> <p>1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;</p> <p>2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;</p> <p>3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;</p> <p>4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;</p> <p>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.</p>	өрескел
	Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балаларының сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) ұйымдардың	

9.	қажеттіліктері, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, ұлттық-мәдени дәстүрлері ескерілген қосымша білімнің білім беру бағдарламаларының болуы.	өрескел
10.	Біліктілік емтихандарын тапсырған білім алушыларға баға қойылғандығы және (немесе) бейіні бойынша (көркемдік, музыкалық және өнер мектептері) біліктілік беру туралы куәлік бергендігін растайтын журналдарының болуы.	елеулі
11.	Шетелдік және халықаралық білім беру ұйымдарымен, қорлармен байланыстар орнатылған, халықаралық бағдарламаларға қатысқан, білім беру, мәдениет, спорт және туризм саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кірген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ынтымақтастық туралы шарттар жасалған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісімінің болуы.	болмашы
12.	1) педагогті кәсіптік міндеттерімен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; 2) педагогтың лауазымдық міндеттемелерінде көзделмеген есептілікті не ақпаратты талап етіп алдыруға; 3) педагогке тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша міндетті жүктеуге жол бермеу 4) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін олар кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол берілмейді.	өрескел
13.	Ұлттық білім беру дерекқорында білім беру ұйымының нақты мәліметтерінің статистикалық мәліметтермен сәйкестігі.	өрескел
	Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру	

14.	ұйымдарына қабылдау тәртібін сақтау.	елеулі
15.	Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балаларды қабылдау кезінде балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) оқу-тәрбие процесінің жүргізілуімен және мазмұнымен, жарғымен таныстыруы.	болмашы
16.	Әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтің болуы	болмашы
17.	Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемсурет мектептерінде және өнер мектептерінде оқу-тәрбие процесін үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес ұйымдастыру.	елеулі
18.	Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемсурет мектептерінде және өнер мектептерінде қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру және қорытынды мемлекеттік аттестаттауды өткізу.	болмашы
19.	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату конкурсын өткізу тәртібін сақтау.	елеулі
20.	Қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің саны мен лауазымдарының қосымша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына және педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкестігі.	болмашы
21.	Тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ немесе Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өтпеген адамдарды білім беру ұйымдарында жұмысқа жіберу фактісінің болуы.	өрескел
22.	Маман болмау себепті білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспарындағы оқытылмайтын пәндердің болуы.	өрескел

23.	Қосымша білім беру ұйымының басшысы немесе өзге лауазымды тұлғалардың білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша міндеттерін орындауы.	өрескел
24.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың ұсынылмауы.	өрескел
25.	Білім беру мониторингінің шеңберінде әкімшілік деректер нысандары бойынша ақпараттардың қате ұсынылуы.	елеулі
26.	Қосымша білім беру педагогінің лауазымдық міндеттері мен педагогикалық әдеп нормаларын сақтауы	елеулі

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6-1-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарына  
7-қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесінің субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі**

P/c №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), w <sub>i</sub>	Шарттар / мәндер, x <sub>i</sub>	
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні
1	2	3	4	5	6
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін					
				0	1



1.	Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімінде тіркелмеуі, оның ішінде жеке тұлғаның заңды мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, хабарламаларда көрсетілген қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру мекенжайы, сондай-ақ олар туралы ақпарат хабарламаларда толтыру үшін міндетті болып табылатын тіркеу деректері өзгерген жағдайда.	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде ҰББД ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0%	100%
2.	Топтағы тәрбиеленушілер толымдылығының нормадан жоғары болуы.	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде ҰББД ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0	1
3.	Тәрбиеленушілер контингентінің жас мөлшерлерінің және оларды ұстау шарттары мектепке дейінгі ұйым түріне сәйкес келмеуі.	Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері	100%	0	1
	Жас ерекшелігі бойынша топтарды жинақтау кезінде жас ерекшеліктеріні	Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне)		0	1

4.	ң кезеңдерге бөлуінің сақталмауы ( әртүрлі жастағы топтарды қоспағанда).	бару арқылы профилактикалы ( қ бақылаудың нәтижелері	100%	0%	100%
5.	Бұзушылықтарды жоймау немесе бақылау субъектісіне ( қ бақылау объектісіне) бармай-ақ профилактикалы қ бақылауды талдау нәтижелері бойынша есепті белгіленген мерзімде ұсынбау.	Бақылау субъектісіне ( объектісіне) бармай профилактикалы қ бақылау объектісіне ( объектісіне) бармай профилактикалы қ бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).	100%	0	1
				0%	100%

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру бөлігінде білім беру жүйесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарына 8-қосымша

**Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесінің субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі**

P/c №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл ( барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wі	Шарттар / мәндер, xі	
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні
1	2	3	4	5	6
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін					
1.			100%	0	1
				0%	100%
		Алдыңғы тексерулер мен		0	1

2.	Сыныптардың толымдылығы бойынша нормалардың сақталмауы.	бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері	100%	0%	100%
3.	Басқа сыныптармен біріктірілген бірінші немесе бітіруші сыныптардың болуы.	Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері	100%	0	1
				0%	100%
4.	Бұзушылықтарды жоймау немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай-ақ профилактикалық бақылауды талдау нәтижелері бойынша есепті белгіленген мерзімде ұсынбау.	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).	100%	0	1
				0%	100%
5.	Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі пәндері бойынша сұрақтардың жалпы санынан 50% - дан кем дұрыс жауап алған бітіруші сынып (4, 9) білім алушыларының болуы.	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).	100%	0	1
				0%	100%
Талаптарға сәйкестігін тексеру үшін					

1.	Жүзеге асыратын білім беру деңгейі бойынша білім беру қызметіне лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болмауы.	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде Ұ Б Б Д ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0	1
2.	Пәндік кабинеттің (физика, химия, биология, информатика), интерактивті тақталардың және оқу шеберханаларының (негізгі орта және жалпы орта білім беру үшін) болмауы.	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде Ұ Б Б Д ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0	1
3.	Лицензиатты қайта тіркеу, оның атауын немесе заңды мекенжайын өзгерту фактісі	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде Ұ Б Б Д ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0	1
4.	"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес лицензиат-заңды тұлғаны қайта құру фактісі	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде Ұ Б Б Д ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0	1

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі

және қосымша білім беру  
бөлігінде білім беру жүйесін  
бағалау және тәуекелдерді  
басқару өлшемшарттарына  
9-қосымша

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесінің субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Тізбеге өзгеріс енгізу көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

P/c №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балл (барлығы 100 баллға дейін болуы тиіс), wi	Шарттар / мәндер, xi	
				1-шарты / мәні	2-шарты / мәні
1	2	3	4	5	6
Бару арқылы профилактикалық бақылау үшін					
1.	Бұзушылықтарды жоймау немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай-ақ профилактикалық бақылауды талдау нәтижелері бойынша есепті белгіленген мерзімде ұсынбау.	Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).	100%	0%	100%
Талаптарға сәйкестігін тексеру үшін					
	Жүзеге асыратын білім беру деңгейі бойынша білім беру қызметіне лицензияның және (немесе)	Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы		0	100%

2.	лицензияға қосымшаның болмауы.	профилактикалық бақылаудың нәтижелері	100%	0%	
3.	Ғимараттарда (оқу ғимараттарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).	Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері	100%	0	1
				0%	100%
4.	Лицензиатты қайта тіркеу, оның атауын немесе заңды мекенжайын өзгерту фактісі	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде ҰББД ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0	1
				0%	100%
5.	"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес лицензиат-заңды тұлғаны қайта құру фактісі	Бақылау және қадағалау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері, оның ішінде ҰББД ақпараттық жүйесі арқылы	100%	0	1
				0%	100%

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

10-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бөлігінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты тексеру парағы**

Ескерту. 2-қосымша жана редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_  
(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
бизнес- сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№ п/п	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	Педагогтің лауазымдық міндеттерін және педагогикалық этика нормаларын сақтауы (өтініш болған жағдайда тексеріледі).		
	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың		

2	қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініш болған жағдайда тексеріледі).		
3	Басшы кадрлардың, мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруын растайтын сертификаттарының болуы.		
4	Қ а з а қ с т а н Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес педагог қызметкерлердің біліктілік санатының деңгейін арттыру (растау) беру/өткенін растау туралы куәліктердің, бұйрықтардың тіркеу журналдарының және куәліктердің болуы.		
5	Ұлттық білім беру дерекқорының статистикалық деректерінің білім беру ұйымының нақты деректеріне сәйкестігі.		
6	Білім беру салалары және сағат сандары бар оқу жоспарларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі. Сондай-ақ, инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда баланың ерекшеліктері ескеріліп, жеке оқу жоспары мен жеке бағдарламаның болуы.		
	Білім беру ұйымы б е к і т к е н педагог-мамандардың, тәрбиешілердің перспективалық жоспарының мемлекеттік		



7	<p>жалпыға міндетті стандартқа, үлгілік оқу жоспарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына, тәрбие-білім беру процесінде іс-шараларды (қабылдау, танертеңгі гимнастика, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, қатайту рәсімдері, балалардың үйге қайтуы) қамтитын мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне, циклограммасына сәйкестігі және ұйымдастырылған қызмет түрлерінің (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, пәндік, қозғалыс, бейнелеу) іске асырылуы.</p>		
8	<p>Балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасын әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелері бойынша өткізілген кеңестерді растайтын материалдардың болуы.</p>		
9	<p>Баланың жас ерекшелігіне сәйкес балалардың ептіліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейін қадағалайтын материалдардың болуы (баланың оқу жылына арналған жеке даму картасы).</p>		
	<p>Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттарының, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асырудың басталғаны немесе</p>		

10	<p>тоқтатылғаны туралы хабарламаның, рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны қабылдау туралы талонның, оның ішінде жеке тұлғаның заңды мекенжайы, заңды тұлғаның орналасқан жері, қызметті немесе әрекеттерді жүзеге асыру мекенжайы өзгерген жағдайларда, хабарламада көрсетілген, сондай-ақ олар туралы ақпарат хабарламада толтыру үшін міндетті болып табылатын тіркеу деректері.</p>		
11	<p>Бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекеттік қаржыландыратын қызмет көрсету көлемінде, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру мен медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, күту және сауықтыру үшін растайтын материалдарының (ғимараттың қуаты жобасын растайтын құжаттардың болуы, мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы әкімдіктің қаулысы, тәрбиеленушілердің тізімдік құрамы) болуы.</p>		
	<p>Білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарларының және олардың қызметін растайтын алқалы</p>		

12	<p>органдар (педагогикалық, әдістемелік кеңестер мен педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) отырыстарының хаттамаларының болуы.</p>		
13	<p>Тиісті бейін бойынша педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білімі бар немесе тиісті бейіні бойынша білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагог кадрлармен қамтамасыз етілгенін растайтын қосымшалары бар дипломдар көшірмелерінің және білім беру ұйымы бекіткен педагог қызметкерлердің тарификациялық тізімдерінің болуы.</p>		
14	<p>Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;</li> <li>2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;</li> <li>3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;</li> <li>4) тиісті бейін бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе кәсіптік білімі туралы немесе тиісті бейіні</li> </ol>		

	<p>бойынша білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен құжаттары жоқ;</p> <p>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.</p>		
15	<p>Мектепке дейінгі ұйымның басшысы немесе өзге де лауазымды тұлғаның оқу-тәрбие процесі барысында білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің, білім алушылар мен қызметкерлерінің өмірлері мен денсаулықтарын қорғау бойынша лауазымдық міндеттерін орындауы (өтініш болған жағдайда тексеріледі).</p>		
	<p>Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау:</p> <p>1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;</p> <p>2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;</p> <p>3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және</p>		

16	<p>тәрбиелеу тілі (тілдері), тәрбиеленушілердің сабақ режимі);</p> <p>4) тәрбиеленушілерді оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;</p> <p>5) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі;</p> <p>6) білім беру ұйымының тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.</p>		
17	<p>Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары педагогтерінің саны мен лауазымдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штатына және педагог лауазымдарының тізбесіне сәйкес келуі ( мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін).</p>		
18	<p>Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынасты және олардың талаптарын сақтауды реттейтін шарттардың болуы.</p>		
19	<p>Білім беру ұйымымен бекітілген ішкі тәртіп қағидасының, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарының болуы.</p>		
	<p>Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орны тәрбиеленуші денсаулық сақтау ұйымдарында және өзге де ұйымдарда тәрбиеленушіні ауруға шалдықтыру, емдеу, сауықтыру, түзету және оңалту кезеңіне (айғақ, қорытынды бойынша</p>		

20

анықтама беру кезінде), ата-анасының бірінің немесе тәрбиеленушінің заңды өкілінің жылына екі айға дейінгі мерзімге тәрбиеленушіні демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтінішін беру кезінде мектепке дейінгі ұйымда баланың орнын сақтау жөніндегі талаптарды сақтау енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезеңіне, мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарт талаптары бұзылған , тәрбиеленуші дәлелді себептерсіз бір айдан астам уақыт өткізген және әкімшіліктің ескертуінсіз, дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның болуына кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде (өтініштер бар болған жағдайда тексеріледі).

21

Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде

- 1) оны кәсіптік міндеттермен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға;
- 2) одан есептілікті не педагогтің лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге;
- 3) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі міндеттерді жүктеуге жол бермеу бойынша талаптарды сақтау (

	өтініш болған кезде тексеріледі).		
22	Білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін бейнебақылау жүйесінің болуы.		
23	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларын сақтау.		
24	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын қамтамасыз ету.		
25	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымдарға тағайындау, лауазымдардан босату конкурсын өткізу тәртібін сақтау (өтініштер болған кезде тексеріледі).		
26	Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында педагогтердің штаттық кестесін және тарификациясын орналастыру.		
27	Ұлттық біліктілік тестілеуін өткізу тәртібінің сақталуы (өтініш болған жағдайда тексеріледі).		
28	Жас топтарын жинақтау кезінде жас кезеңділігін сақтау.		
29	Тәрбиеленушілерді ағымдағы медициналық бақылаумен, иммундаумен және профилактикалық		

тексерулерді ұйымдастырумен қамтамасыз ету.		
---	--	--

Лауазымды адам (-дар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы

\_\_\_\_\_ қолы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы

\_\_\_\_\_ қолы

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
3-қосымша

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Тексеру парағына өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.05.2024 № 121 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.05.2024 № 26 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бөлігінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты тексеру парағы**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық



Бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
бизнес- сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілейтін құжаттарының болуы.		
2.	Нақты деректердің ұлттық білім беру деректер базасына сәйкестігі, сондай-ақ білім беру мониторингі шеңберіндегі әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базалары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.		
3.	Педагогтің лауазымдық міндеттерін және педагогикалық этика нормаларын сақтауы ( өтініштер болған жағдайда тексеріледі).		
	Білім беру ұйымдарының басшы кадрларының,		

4.	<p>педагогтерінің және ғылыми қызметкерлерінің атқаратын лауазымы бойынша және/немесе оқытылатын пәні бойынша үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттырғандығын растайтын сертификаттарының болуы.</p>		
5.	<p>Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі).</p>		
6.	<p>Білім алушылар контингенті бойынша білім беру ұйымдары бұйрықтарының, сыныптар бөлінісінде білім беру ұйымдары білім алушыларының сандық құрамын растайтын білім алушыларды жазатын алфавиттік кітаптың болуы.</p>		
7.	<p>Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінің орындалуын растайтын жұмыс оқу жоспарларының, сынып журналдарының (электрондық/қағаз), сабақ кестесінің болуы, сондай-ақ білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспарларындағы, сабақ кестелеріндегі, факультативтік, үйірмелік, топтық және</p>		

	жеке сабақтардың ең жоғары көлеміне сәйкес келуі.		
8.	Сынып журналдарында ( электрондық/қағаз) ағымдағы бағалардың немесе ағымдағы бағалаудың балмен, 2-11 сынып білім алушыларында тоқсандық және жылдық бағалардың болуы, сондай-ақ белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан, оқу жылы) аяқталғаннан кейін өткізілетін жиынтық бағалауды жүргізу қорытындылары бойынша жиынтық бағалауды және талдауды , оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді/өтпелі тақырыптарды зерделеуді р а с т а й т ы н материалдардың болуы.		
9.	Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы білім беру ұйымына бара алмайтын білім алушыларды үйде немесе емдеу ұйымдарында жеке тегін оқытуды ұйымдастыру туралы, сондай-ақ рұқсаттар негізінде экстернат және қашықтықтан оқыту нысанында оқытуға бұйрықтардың болуы.		
	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім алуы, д а м у бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлардың жасалуын р а с т а й т ы н дәрігерлік-консультациял ық комиссияның анықтамалары мен психологиялық-медицина лық-педагогикалық консультациясының		

10.	<p>қорытындылары бар білім алушыларға арналған білім беру салаларының, оқу пәндері үлгілік жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес сағат санының жеке оқу жоспарларының, сондай-ақ, экстернат нысанында оқитын білім алушыларға арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес жеке оқу бағдарламасының және консультация беру кестесінің болуы және сәйкестігі.</p>		
11.	<p>Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұнына қойылатын талаптарды сақтау.</p>		
12.	<p>Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау тәртібін сақтау.</p>		
13.	<p>Мамандандырылған білім беру ұйымдарына және гимназиялар мен лицейлердің бірінші сыныптарына конкурстық негізде қабылдау тәртібін сақтау.</p>		
14.	<p>Үлгілік нысанын білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін білім беру ұйымының басшысы мен білім алушының ата-аналары немесе заңды өкілдері арасында жасалған білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың болуы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі).</p>		
	<p>Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау:</p>		

15.	<p>1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;</p> <p>2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;</p> <p>3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабақ режимі);</p> <p>4) білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі;</p> <p>5) білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;</p> <p>6) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі;</p> <p>7) білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.</p>		
16.	<p>Білім беру ұйымы басшысының немесе өзге де лауазымды тұлғаның білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша міндеттерін орындауы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі).</p>		
	<p>Педагогтердің оқытылатын пәннің бейініне сәйкес білім туралы құжатта көрсетілген мамандығы бойынша біліктілік санатының деңгейін арттыру (растау) бес жылда бір реттен,</p>		

17.	сондай-ақ мемлекеттік білім беру ұйымдары басшыларының үш жылда бір реттен сиретпей арттырудан (растаудан) өтуін беру (растау) туралы куәліктердің, бұйрықтардың, куәліктерді тіркеу және беру журналдарының болуы.		
18.	Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың (педагогикалық, әдістемелік кеңестердің және педагогикалық әдеп бойынша кеңестің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы және сәйкестігі.		
19.	Тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім туралы немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім туралы құжаттардың және (немесе) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының базасында педагогикалық қайта даярлаудан өту сертификаттарының көшірмелерінің болуы.		
	Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне: 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; 2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті		

20.	<p>шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;</p> <p>3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;</p> <p>4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;</p> <p>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.</p>		
21.	<p>Қорытынды аттестаттаудан өткен азаматтарға мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың берілуінің объективтілігін растайтын педагогикалық кеңес хаттамаларының, негізгі орта білім туралы және жалпы орта білім туралы аттестаттарды беру және есепке алу кітабындағы жазбалардың болуы.</p>		
	<p>Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оқу</p>		

22.	бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу тәртібін сақтау.		
23.	Негізгі орта және жалпы орта білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібінің сәйкестігі.		
24.	Оқудан тыс іс-шаралар ұйымдастырудың және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде элективті курстардың ұйымдастырылуын растайтын материалдардың болуы.		
25.	Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде 1) оны кәсіптік міндеттермен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; 2) одан есептілікті не педагогтің лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге; 3) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі міндеттерді жүктеуге; 4) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтерін кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік емес ұйымдардың іс-шараларын өткізуге тартуға жол бермеу бойынша талаптарды сақтау (өтініш болған кезде тексеріледі).		
	Ұйым басшысы бұйрығының және тәлімгерлікті		



26.	ұйымдастыру жөніндегі қызметті растайтын құжаттардың болуы.		
27.	Білім беру ұйымының ішкі тәртіп қағидаларының болуы және педагогтер мен білім алушылардың жұмыс уақыты мен демалыс уақытының режимін сақтау.		
28.	Педагогтердің материалдық қамтамасыз ету, педагогтерді көтермелеу және әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету құқықтарын сақтау.		
29.	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымдарға тағайындау, лауазымдардан босату конкурсын өткізу тәртібінің сәйкестігі (өтініштер болған кезде тексеріледі).		
30.	Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшісі туралы ереженің талаптарын сақтау (өтініштер болған кезде тексеріледі).		
31.	Ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын және оқу жоспарлары мен бағдарламаларының толық көлемде орындалуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие жұмысы, мектепті дамыту, мектепшілік бақылау жоспарларының болуы және сәйкестігі.		
32.	4, 9-сынып оқушылары арасында профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша кешенді тестілеуден қанағаттанарлықсыз		

	өткен жағдайда оқу нәтижелерін бағалау.		
33.	Білім беру саласындағы уәкілетті органның ұсынымы негізінде шектеу шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайында білім алушылар үшін қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру тәртібін сақтау.		
34.	ҚБТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық-әкімшілік ақпаратты қамтитын беттері бар білім беру порталының және/немесе ақпараттық жүйенің болуы.		
35.	Мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында білім беру саласындағы заңнаманы бұзу туралы расталған мәліметтердің болуы.		
36.	Білім беру қызметін жыл сайынғы өзін-өзі бағалаудың болуы.		
37.	Мамандардың болмауына байланысты білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспарының оқытылмайтын оқу пәндерінің болуы.		

Лауазымды адам (-дар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы

\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

---

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

---

лауазымы

қолы

---

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
4-қосымша

**Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы**

**Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.11.2018 № 632 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.11.2018 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бөлігінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты тексеру парағы**

Ескерту. Бірлескен бұйрық 4-қосымшамен толықтырылды – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектінің (объектінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1 - кіші бөлім. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
1.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына, бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.		
2.	Оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтердің болуы. Негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 20%; жалпы білім беретін мектептер,		

	<p>мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін кемінде 25%; гимназиялар үшін кемінде 30 %.</p>		
3.	<p>Білім беру саласындағы уәкілетті органдар айқындаған оқулықтардың нормалары мен тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы.</p>		
4.	<p>Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.</p>		
5.	<p>Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға ғимараттарда (оқу корпустарында) арналған тамақтандыру объектісінің болуы.</p>		
	<p>Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі</p>		

6.	<p>материалдық активтердің болуы немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық ережелерге және төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган бекіткен өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.</p>		
7.	<p>Компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен, пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен жабдықталуы, edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың, жабдықтар мен жиһаздардың, жеке пайдалану үшін жабдықталған шкафтардың болуы; ауыз су бұрқақтарының, ғимаратта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық ережелерге сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қолжуғыш раковиналар) болуы; мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.</p>		

8.	Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасына сәйкесті бейіні бойынша педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының кемінде үш жылда бір рет , кемінде 36 сағатты құрайтын біліктілігінің артуын қамтамасыз ету.		
9.	Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.		
10.	Білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған нормаларға сәйкес ғимараттарда (оқу корпусарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).		
2 – кіші бөлім Негізгі және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін			
1.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкестігі.		
	Тиісті бейіндер бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлаудан өтумен кәсіптік білімі бар оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес педагогтердің болуы. Негізгі орта білім беру деңгейіндегі		

2.	<p>педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің үлесі шағын комплектілі мектептер үшін кемінде 25 %; жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер үшін емінде 35 %; лицей үшін 40 %-дан кем емес, оның ішінде жаратылыстану-математикалық бағыттағы педагогтердің үлесі 30 %-дан кем емес; гимназиялар үшін кемінде 40 %, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі кемінде 30 %; дарынды тұлғаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін кемінде 45 %, оның ішінде аудандық және/немесе облыстық конкурстар мен жарыстар кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен соңғы бес жылдағы республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (болған жағдайда).</p>		
3.	<p>Білім беру саласындағы уәкілетті органдар аяқындаған оқулықтардың нормалары мен тізбесіне сәйкес оқу және көркем</p>		



	әдебиеттің кітапхана қорының болуы.		
4.	Ғимараттардың (оқу корпустарының) жабдықталған медициналық пункттермен қамтамасыз етілуі. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық қызметке лицензияның немесе балаларға медициналық қызмет көрсету құқығымен медициналық қызметке лицензиясы бар денсаулық сақтау ұйымымен шарттың болуы.		
5.	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы немесе білім алушыларды тамақпен қамтамасыз етуге арналған шарт негізінде білім алушыларға ғимараттарда (оқу корпустарында) арналған тамақтандыру объектісінің болуы.		
6.	Меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық ережелерге және төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган бекіткен өрт қауіпсіздігі талаптарына		

	сәйкес келетін оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу.		
7.	Компьютерлік сыныптармен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен, пәндік кабинеттермен, зертханалармен (шағын жинақты мектептер үшін-физика, химия, биология пәндері б о й ы н ш а оқу-зертханалық жабдықтардың болуы), спорт залдарымен жабдықталуы, edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың, жабдықтар мен жиһаздардың болуы; ауыз су бұрқақтарының, ғимаратта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның айқындаған санитариялық ережелерге сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қолжуғыш раковиналар) болуы; мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін білім беру ұйымдарының үй-жайларында және ( немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы.		
8.	Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасына сәйкес тиісті бейіні бойынша педагогтердің және білім беру ұйымдарының басшы кадрларының кемінде үш жылда бір рет		

	, кемінде 36 сағатты құрайтын біліктілігінің артуын қамтамасыз ету.		
9.	Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы.		
10.	Білім саласындағы уәкілетті орган айқындаған нормаларға сәйкес ғимараттарда (оқу корпусстарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).		

Лауазымды адам (-дар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
5-қосымша

**Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 15.11.2018 № 632 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 15.11.2018 № 71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
5-қосымша

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

Тексеру парағына өзгеріс енгізу көзделген - ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 27.05.2024 № 121 және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 28.05.2024 № 26 бірлескен бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін алпыс күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлігінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты тексеру парағы**

Ескерту. Бірлескен бұйрық 5-қосымшамен толықтырылды – ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

—

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

—

(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),  
бизнес- сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Білім беру ұйымының құрылтайшылық және құқық белгілеуші құжаттарының бар болуы		
2.	Педагогтің лауазымдық міндеттерін және педагогикалық этика нормаларын сақтауы ( өтініштер болған жағдайда ғана тексеріледі ).		
3.	Педагогтердің біліктілік санаты деңгейін бес жылда кемінде бір рет арттырудан (растаудан) өткенін растайтын біліктілік санатын беру/ растау туралы куәліктердің, бұйрықтардың, тіркеу және куәліктер беру журналдарының болуы.		
4.	Білім беру ұйым басшыларының, тиісті бейіні бойынша педагог кадрларының үш жылда бір реттен кем емес, кемінде 36 сағат біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.		
5.	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың ( бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салу		

	<p>бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініштер болған жағдайда ғана тексеріледі).</p>		
6.	<p>Білім беру процесінде саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни араздықты қоздыру үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе тілдік қатыстылығы, олардың дінге қатынасы белгісі бойынша, оның ішінде білім алушыларға тарихи, ұлттық және діни наным-сенімдер туралы дәйексіз мәліметтерді хабарлау арқылы азаматтардың айрықшалығын, артықшылығын не толық еместігін насихаттайтын үгіт, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін іс-әрекеттерге итермелеу (өтініштер болған жағдайда ғана тексеріледі).</p>		
7.	<p>Білім алу кезеңінде әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасының азаматтарын күтіп - бағуға арналған шығыстарды өтеуге арналған кепілдіктің сақталуы (өтініштер болған жағдайда ғана тексеріледі).</p>		

8.

Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне:

1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған;

2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ;

3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар;

4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;

5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.

Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау:

1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;

9.	<p>2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;</p> <p>3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабақ режимі);</p> <p>4) білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі;</p> <p>5) білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;</p> <p>6) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі;</p> <p>7) білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.</p>		
10.	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін өндірістік оқытуды есепке алу журналдары деректерінің жұмыс оқу жоспарларына және жұмыс оқу бағдарламаларына, кәсіптік практикадан өтудің бекітілген және келісілген күнтізбелік кестелеріне және практикалар базасы ретінде білім беру ұйымдары айқындаған ұйымдармен оқу бағдарламаларына сәйкестігі.</p>		
11.	<p>Кешкі және сырттай оқу нысандарының жұмыс оқу жоспарларының күндізгі оқу нысанында көзделген оқу уақытының тиісті</p>		



	көлемінің 70% және 30% қатынасында міндетті оқу үшін оқу уақытының көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі.		
12.	Оқу және тәрбие процесі кезінде білім беру ұйымының білім алушылары мен қызметкерлері денсаулықтарының сақталуы бойынша ұйым басшысы немесе өзге лауазымдық тұлғаның міндеттерін орындауы ( өтініштер болған жағдайда ғана тексеріледі ).		
13.	Білім беру ұйымымен бекітілген алқалық органдардың ( педагогикалық, әдістемелік кеңестердің) қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстары хаттамаларының болуы.		
14.	Теориялық және өндірістік оқуды есепке алу журналдарының және оқу бағдарламаларын оқу сағаттарында орындау бойынша есепке алу табельдерінің болуы		
15.	Сабақ кестесінде аудиториялық сабақтардың барлық түрлері үшін академиялық сағат ұзақтығының 45 минутқа сәйкестігінің болуы, жұптасқан сабақтарға жол беріледі		
16.	Оқу жылы ішінде білім алушылар үшін кемінде екі демалыстың болуы		
	Білім беру ұйымына оқуға қабылдау үшін тұлғалардың " электрондық үкімет" веб-порталына өтініштерінің болуы:		

17.

1) білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ рухани (діни) білім беру ұйымдарына, қылмыстық – атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 25 тамызы аралығында, оқудың кешкі нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында;

2) орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі нысанына: мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 18 тамызы аралығында, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 тамызы аралығында, ақылы негізде 25 маусымы мен 25 тамыз аралығында, оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 қыркүйегі аралығында, шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 20 шілдесі

	аралығында, педагогикалық мамандықтар бойынша - күнтізбелік жылдың 25 маусымы мен 15 тамызы аралығында.		
18.	Білім беру ұйымдарына өнер және мәдениет мамандықтары бойынша оқуға түсетін тұлғалар үшін білім беру ұйымы бекіткен бағдарламалар бойынша арнайы немесе шығармашылық емтихандар өткізуді растайтын хаттамалар мен бұйрықтардың болуы .		
19.	Мемлекеттік тапсырыс бойынша конкурс өткізу мерзімдерін сақтау: негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасындағы конкурс күнтізбелік жылдың 19-22 тамызы аралығында, жалпы орта білім беру, ТЖКОББ базасында күнтізбелік жылдың 22-25 тамызы аралығында, ақылы негізде 26-28 тамызы аралығында, өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 29 шілде мен 2 тамызы аралығында. Педагогикалық, медициналық мамандықтарға түсуші адамдар үшін арнаулы және/немесе шығармашылық емтихандардың, сондай-ақ психометриялық тестілеуді өткізу мерзімдерін сақтау: негізгі орта білім базасында түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін, жалпы орта білім базасында түсушілер үшін күнтізбелік жылдың		

	<p>21 тамызына дейін, шығармашылық даярлықты талап ететін мамандықтарға түсушілер үшін күнтізбелік жылдың 21 мен 28 шілдесі аралығында.</p>		
20.	<p>Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша бейіндік пәндер тізбесінің Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 5-қосымшаға сәйкестігі.</p> <p>Орташа конкурстық балл олардың жалпы санына Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 4,5-қосымшаларда көрсетілген пәндер үшін бағалар сомасының орташа мәніне сәйкестігі.</p>		
21.	<p>Апелляцияға өтініштерді қабылдау және қарау тәртібінің сақталуын растайтын апелляциялық комиссия отырысының хаттамаларының болуы ( өтініштер болған жағдайда ғана тексеріледі ).</p>		
	<p>Қабылдау мерзімдерін сақтау орта буын, қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білімнің білім беру</p>		

бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау ТжКОББ ұйымы басшысының бұйрығымен қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде жүргізіледі:

1) күндізгі оқу нысанына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;

2) оқудың кешкі және сырттай нысанына - күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін;

3) білім беру, мәдениет және спорт саласындағы уәкілетті органдардың құзыретіндегі ТжКОББ ұйымдарына күнтізбелік жылдың 10 тамызына дейін.

4) кәсіпорындардың (ұйымдардың, мекемелердің) өтінімдері бойынша күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін жүргізіледі;

білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) оқудың күндізгі нысанына - күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін әңгімелесу нәтижелері бойынша;

2) оқудың кешкі нысанына - негізгі орта немесе жалпы орта білімі туралы құжаттарда көрсетілген бейіндік пәндер бойынша бағалары, әңгімелесу нәтижелері ескеріле отырып іріктеу негізінде

	күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегі аралығында өткізіледі.		
23.	<p>Оқу шығындарын толық өтейтін, ақылы негізде білім алушының мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу үшін бос орындарға ауыстыру тәртіптерінің сақталуы:</p> <p>1) білім алушының ( немесе өзге де заңды өкілдерінің) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы " электрондық үкімет" веб-порталына өтінімі немесе өтініші;</p> <p>2) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы білім алушының өтінішін алқалы органда қарау;</p> <p>3) алқалы органның шешімі негізінде білім алушыны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқуға ауыстыру туралы бұйрық</p>		
	<p>Білім алушыны ауыстыру жүзеге асырылады:</p> <p>Бір білім беру ұйымынан басқа білім беру ұйымына білім алушыны ауыстыру кезінде құжаттардың болуы:</p> <p>1) білім алушының ( заңды өкілінің) ауыстыру туралы өтініші;</p> <p>2) білім алушының ауысып кететін білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған сынақ кітапшасының (немесе үлгерім кітапшасының) көшірмесі.</p> <p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен</p>		

24.

кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымнан орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымға ауыстыру кезінде құжаттардың болуы:

- 1) білім алушының (заңды өкілінің) ауыстыру туралы өтініші;
- 2) басқа білім беру ұйымына келгені туралы талон.

Білім беру ұйымы басшысының бұйрықтарының болуы (білім алушыларды ауыстыру туралы мәселені шешкен кезде):

- 1) оның оқу сабақтарына жіберілуі туралы,
- 2) оқу жоспарындағы айырмашылықты тапсыру;
- 3) білім беру ұйымдарының білім алушылар қатарына қабылдау туралы.

Қайта қабылдану шарттарын сақтау:

Білім беру ұйымдарында бұрын білім алған тұлғалар бұрынғы білім беру ұйымына қайта қабылданудың міндетті шарты:

білім алушының өтінішінің болуы;

білім алушының бір семестрді аяқтауы (білім алушыларды бірінші курсқа қайта қабылдау бірінші семестр аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.).

Бұрын басқа білім беру ұйымдарында оқыған білім алушыларды оқуға қайта қабылдау шарты:

курстар мен мамандықтар бойынша тиісті оқу топтары болған

жағдайда оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқу нәтижелерінің академиялық айырмашылықтарын тапсырған кезде (курстар мен мамандықтар бойынша тиісті топ болмаған жағдайда оқу жұмыс жоспарларының пәндері/модульдері бойынша оқу нәтижелерінің академиялық айырмашылықтарын тапсырған кезде басқа мамандықтарға қайта қабылдануға жол беріледі);

білім беру ұйымы басшысының пәндердегі/модульдердегі/кредиттердегі және (немесе) оқу жоспарларын оқыту нәтижелеріндегі айырмашылықты жою тәртібі мен мерзімдерін бекіту туралы бұйрығының болуы;

білім алушының жеке ісінің болуы;

мамандық, курс және топты көрсете отырып, білім алушыны білім беру ұйымына қайта қабылдау туралы бұйрықтың болуы.

Білім алушыларды ақылы негізде қайта қабылдау кезінде (білім беру ұйымдарында оқу ақысын төлемегені үшін семестр ішінде оқудан шығарылған) болу керек құжаттар:

білім алушының өтініші;

білім алушыны білім беру ұйымына қайта қабылдау туралы бұйрық.

Шетелдік білім беру ұйымынан Қазақстан Республикасының білім



	<p>беру ұйымына ауыстыру немесе қайта қабылдау кезінде болу керек құжаттар:</p> <p>меңгерілген оқу бағдарламалары туралы құжат (академиялық анықтама немесе транскрипт);</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасында білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтетін алдыңғы білім деңгейін аяқтағаны туралы құжат;</p> <p>шетелдік білім беру ұйымдарына түсу кезіндегі түсу сынақтарының нәтижелері;</p> <p>білім алушыны білім беру ұйымына қабылдау туралы бұйрықтың болуы</p> <p>.</p>		
26.	<p>Білім алушыларды бір білім беру ұйымынан екіншісіне, оқытудың бір нысанынан екіншісіне, бір тіл бөлімінен екіншісіне ауыстыру кезінде, бір мамандықтан екіншісіне, ақылы негізден мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқытуға ауыстыру кезінде пәндер/модульдер/кредиттер саны және (немесе) оқыту нәтижелері бойынша академиялық айырмашылықты айқындау шарттарын сақтау.</p>		
	<p>Білім алушыларға академиялық демалыс беру шарттарының сақталуы:</p> <p>1) ауруы бойынша ұзақтығы 6-дан 12 айға</p>		

27.	<p>дейінгі амбулаториялық-емханалық ұйымның Орталық дәрігерлік консультациялық комиссиясының (бұдан әрі – ДКК) қорытындылары;</p> <p>2) ұзақтығы 36 айдан аспайтын мерзімде туберкулезбен ауырған жағдайда туберкулезге қарсы ұйымның Орталықтандырылған дәрігерлік-консультативтік комиссиясының (бұдан әрі – ОДКК) шешімі;</p> <p>3) әскери қызметке шақырылған жағдайда әскери қызметке шақырту қағазы;</p> <p>4) үш жасқа толғанға дейінгі туған, асырап алынған ұл немесе қыз баланың туу туралы құжаттары (куәлік) негізінде беріледі.</p>		
	<p>Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидалары талаптарын сақтау;</p> <p>аралық аттестаттаудың емтихан ведомостарының болуы;</p> <p>әрбір пән/модуль бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес барлық практикалық, зертханалық, есептеу-графикалық және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған; ағымдағы білім есебінің қорытындылары</p> <p>б о й ы н ш а</p> <p>қанағаттанарлықсыз бағалары жоқ; білім беру</p>		

28.

ұйымы басшысының рұқсатымен рұқсаты бар білім алушылар мынадай талаптарды сақтай отырып, білім алушыларды аралық аттестаттауға жіберу туралы бұйрықтардың болуы 1-2 пән\модуль бойынша қанағаттанарлықсыз бағалар; педагогикалық кеңестің шешімімен екіден артық қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушылар рұқсат алады; жеке тапсыру мерзімдерін айқындай отырып, сырқаты бойынша немесе басқа да дәлелді себептер бойынша аралық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларды аралық аттестаттауға жіберу туралы білім беру ұйымы басшысының бұйрығының болуы; педагогикалық кеңес шешімінің және білім беру ұйымы басшысының аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үш қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушыларды оқудан шығару туралы бұйрығының болуы. білім алушыға белгіленген үлгідегі анықтама беруді тіркеу журналының болуы; білім беру ұйымы басшысының белгілі бір курстың оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын сәтті тапсырған білім алушыларды келесі

	курса ауыстыру туралы бұйрығының болуы.		
29.	<p>Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау үлгілік ережелерінің талаптарын сақтау:</p> <p>білім алушылардың қорытынды аттестаттау комиссиялары отырыстарының хаттамаларының, білім алушылардың қорытынды аттестаттау емтихандарын тапсыруы бойынша (жеке) қорытынды бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамаларының болуы; біліктілік беру жөніндегі білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы ( жиынтық); білім алушылардың бітіру жұмысын (дипломдық жобасын (жұмысын)) қарау бойынша қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы; дипломдық жобаны қорғау немесе қорытынды емтиханды тапсыру кезінде " қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаларды қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға жіберу туралы, қанағаттанарлықсыз баға алынған пән және ( немесе) модуль бойынша қайта қорытынды емтиханның мерзімдерін айқындай отырып, аттестаттау комиссиясының шешімінің болуы;</p>		

дипломдық жобаны қайта қорғау немесе қорытынды емтихандарды тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" баға алған білім алушыға мамандық (кәсіп) бойынша толық оқу курсы аяқтағаны туралы белгіленген үлгідегі анықтаманың болуы; дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға келмеген білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өтуге жіберу немесе қорытынды аттестаттаудан өту мерзімдерін айқындай отырып, тиісті құжаттармен расталған дәлелді себептермен қорытынды емтихан тапсыру туралы білім беру ұйымы басшысының бұйрығының болуы; толық оқу курсы аяқтағаннан кейін техникалық және кәсіптік , орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін диплом беру кітаптарының болуы, сондай – ақ оқу жоспарының барлық пәндерінің кемінде 75% - ы бойынша "өте жақсы" бағамен емтихан тапсырған білім алушыларға, ал қалған пәндер бойынша – " жақсы" бағасымен үздік диплом берудің объективтілігін растайтын құжаттардың болуы және дипломдық жобаны(жұмысты) "өте жақсы" бағаға қорғауы.

Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде

30.	1) оны кәсіптік міндеттермен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; 2) одан есептілікті не педагогтің лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге; 3) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі міндеттерді жүктеуге (өтініш болған кезде тексеріледі).		
-----	--	--	--

Лауазымды адам (-дар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
 Бақылау және қадағалау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы \_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
 Білім және ғылым министрінің  
 міндетін атқарушының  
 2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
 № 719 және  
 Қазақстан Республикасы  
 Ұлттық экономика министрінің  
 міндетін атқарушының  
 2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
 № 843 бірлескен бұйрығына  
 6-қосымша

**Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлігінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты тексеру парағы**

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектінің (объектінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	<p>Даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына;</p> <p>Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар үшін мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандартына, кәсіптік стандартқа (бар болса) (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі.</p> <p>Білім беру саласында мамандар даярлау үшін: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын ескере отырып, мамандықтың дайындалатын біліктіліктері бойынша оқу жұмыс жоспарларының мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру</p>		

стандартына, салалық біліктілік шеңберіне, " Педагог" кәсіптік стандартына (қазақ және орыс тілдерінде) сәйкестігі.

Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін Діни қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісілген жалпы білім беретін және діни пәндерді қамтитын білім беру бағдарламаларының болуы.

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша оқу жұмыс жоспарының пәндеріне және (немесе) модульдеріне сәйкес педагогтердің болуы, оның ішінде педагогтер білімінің оқытылатын пәндер бейініне және (немесе) модульдеріне сәйкес болуы немесе білім беру саласындағы заңнамаға сәйкес педагогикалық қайта даярлаудан өткен педагогтердің болуы, сондай-ақ бейіні бойынша соңғы үш жылда кемінде 36 сағат көлемінде ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өткен өндірістік оқыту шеберлерінің болуы.

Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі даярланатын мамандық біліктілігі бойынша жұмыс біліктіліктерін қоспағанда педагогтердің жалпы санынан кемінде 70%, оның ішінде медициналық білім беру бағдарламасын іске асыратын білім беру



ұйымдары үшін, мамандық бойынша педагогтердің жалпы санынан қолданбалы бакалавриат, магистратура деңгейі бар мейіргерлерден педагогтердің үлесі – кемінде 10 %.

Жұмысшы біліктіліктерді дайындау үшін негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын білім беру ұйымдарының жалпы білім беретін пәндері бойынша педагогтердің жалпы санынан дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша жалпы білім беретін пәндер бойынша педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын өнер және мәдениет саласындағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50%.

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтердің жалпы санынан негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін педагогтердің үлесі – кемінде 50 %.

Даярланатын мамандық біліктілігі бойынша педагогтер санынан лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің,

педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің және (немесе) магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар адамдардың мамандық біліктіліктері бойынша дайындалатын педагогтер санынан үлесі лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын – кемінде 30%, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында - кемінде 40%.

Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын мамандықтың даярланатын біліктіліктері бойынша педагогтер санынан соңғы үш жылда көлемі кемінде 36 сағат болатын ұйымдарда және/немесе өндірісте тағылымдамадан өткен арнайы пәндер педагогтері мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі – кемінде 10 %.

Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін жоғары білімі бар, жалпы білім беретін пәндер бойынша, бейіндік пәндер бойынша – бейіні бойынша жоғары білімі бар және/немесе дін саласындағы жалпы жұмыс өтілі кемінде бес жыл, дін саласындағы семинарияны немесе медресені бітірген педагогтердің даярланатын мамандық

	<p>біліктіліктері бойынша педагогтер санынан кемінде 50 %.</p> <p>Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша педагогтердің жалпы санынан магистр, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор, ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер мен өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі – кемінде 10 %.</p>		
4	<p>Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша оқудың толық кезеңіне білім алушылар контингентіне қатысты, оның ішінде оқыту тілі бойынша оқу жұмыс жоспарына сәйкес баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.</p> <p>Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін білім беру бағдарламаларына сәйкес дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиеті қорының болуы.</p>		
	<p>Даярланатын мамандық біліктіліктері бойынша оқу-зертханалық жабдықтармен және техникалық оқыту құралдарымен, сондай-ақ бағдарламалық-аппараттық кешенге және қолданбалы</p>		

5	<p>бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес келетін Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен, компьютерлермен жабдықталуы.</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары симуляциялық кабинеттермен (орталықтармен) жаратқандыру.</p> <p>Қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары үшін әскери бөлімдер мен басқа да әскери оқу орындарының оқу-материалдық базасын пайдалану туралы ведомстволық бұйрықтың, әскери кафедралардың оқу – материалдық базасын бірлесіп пайдалану жөніндегі өзара іс-қимыл туралы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарымен меморандумдардың болуы.</p>		
6	<p>Толық оқу кезеңін қамтитын даярланатын мамандық біліктілігі бойынша сәйкес практика базасы ретінде айқындалған ұйымдармен шарттардың болуы.</p>		
7	<p>Медициналық қызметке арналған лицензия негізінде білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы.</p>		
8	<p>Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы.</p>		

9	<p>Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің (оқу кабинеттерінің, шеберханалардың, зертханалардың, өткізу пункттерінің, санитариялық тораптардың болуы, білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы), оның ішінде санитариялық нормаларға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін алаңы бар оқу үй-жайларының болуы.</p>		
10	<p>МЖМБС талаптары, кәсіптік стандарттар (бар болса), Worldskills кәсіптік стандарттары (бар болса) негізінде жұмыс берушілердің қатысуымен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ТжКОББ) әзірлеген білім беру бағдарламаларының болуы;</p> <p>Міндетті жалпы білім беру пәндерінің тізбесі мен көлемінің, сондай-ақ қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық (техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін) бағыттар бойынша мамандық бейінін ескере отырып, оқытудың</p>		

	<p>тереңдетілген және стандартты деңгейлерінің пәндерінің сәйкестігі; Білім беру бағдарламаларында Жалпы гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық пәндердің немесе базалық модульдердің, сондай-ақ кәсіптік модульдердің немесе жалпы кәсіптік, арнайы пәндердің (әскери мамандықтарды қоспағанда) болуы.</p>		
11	<p>Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес контингент туралы өзекті деректер базасы бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және нақты деректердің Ұлттық білім беру деректер қорына сәйкестігі.edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы.</p>		
	<p>Мәдениет және спорт саласындағы білім беру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын, бітіру жылы ішінде білім беру саласындағы мамандығы бойынша бітірушілердің кемінде 90%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген білім беру саласында мамандар даярлау үшін кемінде 5 мамандық бойынша</p>		

12	<p>лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.</p> <p>Техникалық және кәсіптік білім мамандықтарының және біліктілігінің сыныптауышында көрсетілген денсаулық сақтау саласындағы мамандарды даярлау үшін, бітіру жылы ішінде денсаулық сақтау саласындағы мамандық бойынша бітірушілердің кемінде 90%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін білім беру ұйымдарын қоспағанда, кемінде денсаулық сақтау саласындағы 4 мамандық бойынша лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның болуы.</p>		
13	<p>Колледждердің дайындалатын мамандық біліктіліктері бойынша білім алушыларды қабылдауды үш жылда кемінде бір рет жүзеге асыруы.</p>		
14	<p>Мамандық бойынша білім беру ұйымының түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту туралы мәліметтер, бұл ретте мамандық бойынша бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқандардың және жұмыспен қамтылғандардың үлесі – 75 %-дан кем емес болуы.</p>		
	<p>Студенттердің тұруы үшін жағдай жасау, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару немесе жалға алу құқығында оқудың толық</p>		

15	кезеңінде тұруды қамтамасыз ететін жатақханалардың және/немесе хостелдердің, және/немесе қонақ үйлердің болуы - мұқтаждар санынан кемінде 30 %.		
16	Ғимараттарда (оқу ғимараттарында) ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) үшін жағдайлар жасау (пандус, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу).		

Лауазымды адам (адамдар) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы ҚОЛЫ

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ лауазымы ҚОЛЫ

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
7-қосымша

**Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138-бабына сәйкес білім беру жүйесін балаларға қосымша білім беру бөлігінде балаларға қосымша білім беру ұйымдарына қатысты тексеру парағы**

**Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми**



жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган \_\_\_\_\_

Тексеруді/бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындау туралы акт \_\_\_\_\_

(№, күні)

Бақылау субъектінің (объектінің) атауы \_\_\_\_\_

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес- сәйкестендіру нөмірі \_\_\_\_\_

Орналасқан мекенжайы \_\_\_\_\_

№ п/п	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Қосымша білім беру ұйымының құрылтай және құқық белгілейтін құжаттарының болуы.		
2.	Қосымша білім беру ұйымы қызметінің білім беру ұйымдарының түріне сәйкестігі.		
3.	Қосымша білім беру педагогінің лауазымдық міндеттері мен педагогикалық әдеп нормаларын сақтауы (өтініштер болған кезде тексеріледі).		
4.	Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдарды (бірлестіктерді) ұйымдастыру құрылымдарын құру мен олардың қызметіне тыйым салу бөлігінде мемлекеттік саясат қағидатының сақталуы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі).		

5.	<p>Білім беру ұйымының жарғысында айқындалған функцияларды орындау:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;</li> <li>2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;</li> <li>3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі;</li> <li>4) балаларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;</li> <li>5) ақылы қызметті көрсетудің тізбесі мен тәртібі;</li> <li>6) білім беру ұйымының балал және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.</li> </ol>		
6.	<p>Қосымша білім беру ұйымының басшысы немесе өзге лауазымды тұлғалардың білім беру ұйымы білім алушыларының және тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша міндеттерін орындауы (өтініштер болған жағдайда тексеріледі).</p>		
7.	<p>Білім беру ұйымымен бекітілген педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес және педагогикалық этика бойынша кеңестің қызметін растайтын жұмыс жоспарлары мен отырыстар хаттамаларының болуы.</p>		
8.	<p>Қосымша білім беру ұйымдарының педагогтерін, басшыларын, басшыларының орынбасарларын</p>		

	аттестаттаудан өткізу және біліктілік санаттарын беру (растау) тәртібін сақтау.		
9.	Қосымша білім беру ұйымдары басшы кадрларының, педагогтерінің кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыруды растайтын сертификаттардың болуы .		
10.	Педагогикалық немесе тиісті бейініне сәйкес келетін өзге де кәсіптік білімі бар педагогтермен қамтамасыз етілгендігін растайтын дипломдар мен қосымшаларының көшірмелері және педагогтердің білім беру ұйымдары бекіткен тарифтік тізімдерінің болуы.		
11.	Білім беру ұйымдарында педагогтің кәсіби қызметіне: 1) соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыру құқығынан айырылған; 2) іс-әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған, соның нәтижесінде қызметкердің еңбек қатынастарын жалғастыру мүмкіндігі жоқ; 3) психиатриялық және (немесе) наркологиялық жазбалардан тұратын медициналық қарсы көрсетілімдері бар; 4) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттары жоқ;		

	<p>5) адам өлтіргені, денсаулыққа қасақана зиян келтіргені, адамдардың денсаулығына және имандылыққа, жыныстық қолсұғылмаушылыққа қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін сотталғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауда жүрген немесе қудалауда болған адамдарды жұмысқа орналастыруға жол бермеу.</p>		
12.	<p>Сапалы қосымша білім алуға қажетті материалдық - техникалық базасының болуы.</p>		
13.	<p>Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балаларының сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) ұйымдардың қажеттіліктері, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, ұлттық-мәдени дәстүрлері ескерілген қосымша білімнің білім беру бағдарламаларының болуы.</p>		
14.	<p>Біліктілік емтихандарын тапсырған білім алушыларға баға қойылғандығы және (немесе) бейіні бойынша (көркемдік, музыкалық және өнер мектептері) біліктілік беру туралы куәлік бергендігін растайтын журналдарының болуы.</p>		

15.	Шетелдік және халықаралық білім беру ұйымдарымен, қорлармен байланыстар орнатылған, халықаралық бағдарламаларға қатысқан, білім беру, мәдениет, спорт және туризм саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кірген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ынтымақтастық туралы шарттар жасалған жағдайда білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісімінің болуы.		
16.	Педагог кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде 1) оны кәсіптік міндеттермен байланысты емес жұмыс түрлеріне тартуға; 2) одан есептілікті не педагогтің лауазымдық міндеттеріне байланысты емес ақпаратты талап етуге; 3) оған тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі міндеттерді жүктеуге жол бермеу бойынша талаптарды сақтау (өтініш болған кезде тексеріледі).		
17.	Ұлттық білім беру деректер қорында білім беру ұйымының нақты мәліметтерінің статистикалық мәліметтермен сәйкестігі.		
18.	Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібін сақтау.		

19.	Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымы балаларды қабылдау кезінде балалардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) оқу-тәрбие процесінің жүргізілуімен және мазмұнымен, жарғымен таныстыруы.		
20.	Әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық қызметтің болуы		
21.	Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемсурет мектептерінде және өнер мектептерінде оқу-тәрбие процесін үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес ұйымдастыру.		
22.	Балалар музыка мектептерінде, балалар көркемсурет мектептерінде және өнер мектептерінде қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру және қорытынды мемлекеттік аттестаттауды өткізу.		
23.	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату конкурсын өткізу тәртібін сақтау (өтініштер болған кезде тексеріледі) мемлекеттік білім беру ұйымында (өтініштер болған кезде тексеріледі).		
24.	Қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің с а н ы м е н лауазымдарының қосымша білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарына және педагог лауазымдарының		

	тізбесіне сәйкестігі ( мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін).		
25.	Мамандардың болмауына байланысты қосымша білім беру ұйымының оқу жұмыс жоспарының оқытылмайтын оқу пәндерінің болуы.		

Лауазымды адам (дар) \_\_\_\_\_

— лауазымы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

— тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)  
Бақылау субъектісінің басшысы \_\_\_\_\_

— лауазымы \_\_\_\_\_ қолы \_\_\_\_\_

— тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
8-қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

8-қосымшамен толықтыру көзделген – ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 26.06.2024 № 158 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 26.06.2024 № 42 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
9-қосымша

**Білім басқару органдарына қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы  
тексеру парағы**

Ескерту. 9-қосымша алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.03.2023 № 76 және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.03.2023 № 41 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 719 және  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 843 бірлескен бұйрығына  
10-қосымша

**Қосымша білім беретін білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының  
қызметіне қатысты білім беру жүйесін мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парағы**

Ескерту. 10-қосымша алып тасталды – ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2018 № 24 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 03.03.2018 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.